Сабақтың тақырыбы:

# Сан есімді қайталау

## *Сабақтың мақсаты:*

***1.Сан есім бойынша алған білімді жинақтау,бекіту,теориялық бі-лімді тәжірибемен ұштастыру;***
***2.Сауатты жазу дағдыны қалып-тастыру;***
***3.Ұқыптылыққа,жауапкершілікке, ізденімпаздылыққа  баулу.***



***1.Ғасырға неше жыл кіреді?***
***2.Жылдың неше мезгілі бар?***
***3.Бір аптада неше күн бар?***
***4.Бір тәулікте неше сағат бар?***
***5.Бір сағатта неше минут бар?***
***6.Бүгін нешінші күн?***
***7.Желтоқсан нешінші ай?***





- 
- ТОПТАСТЫРУ


CAH ECIM

# ТАПСЫРМАЛАР

1

2



3

4

1-тапсырма.
Сөйлемдерден сан есімдерді тауып,құрамына, мағынасына қарай ажыратып жазыңыз.

I-топқа

Мың тоғыз жүз он сегізінші жылы жиырма бірінші мамырда Сабыр Шәріпов Омбыға келеді.Фашистер үш жылдың ішінде Белоруссия жерінде екі жүз тоғыз қала,тоғыз мың екі жүз село құрып кетті.Өртенген адамдардың арасынан ауыр жаралы үш адам тірі табылды.

II-топқа

- Күш сынасатын сайыскердің екеуі екі жаққа тартуы керек.Кешегі екінші дүниежүзілік соғыста сан мыңдаған жауынгерлер тамаша ерлік жасап,жеңіп шықты.Атамның төртінші перзенті-менің әкем.Ол бір мың тоғыз жүз алпыс тоғызыншы жылы туған.

2-тапсырма.
Есептік сан есімдерден реттік,топтау,жинақтық, болжалдық сан есімдер жасап,сөзбен жазыңыз.

I-топқа

- 5;7;20;180;3;1000; 34;71;82;120.

II-топқа

6;105;10;35;636;48; 240;19;50;100.

3-тапсырма.

Дара сан есімдерді бір бағанға,күрделі сан есімдерді бір бағанға ажыратып жазыңыз.

I-топқа

Отыз,тоқсан,жетпіс жеті,елу,алпыс тоғыз, алты,үш алпыс бес, жүз елу үш,он сегіз, екіден бір,мың, жүзінші.

II-топқа

- Жиырма төрт,мың екі жүз елу сегіз,то-ғыз,қырық екі, жиыр-ма жеті,екі, төрт-бес, алпыс,бес-бестен, бір бүтін үштен екі, бесінші,жүз.

4-тапсырма.
Сан есімдерді қатыстырып,сөз тіркестерін құрап жазыңыз

I-топқа

Жиырма,он екі,
тоқсан,
сегіз жүз елу үш,мың,
жеті.

II-топқа

- Үш жүз елу,отыз үш,
жетпіс,жиырма алты,
қырық бес,үш.







Ізден,ойлан,
тап!





# Мақалдарды толықтырыңыз!

## I-топқа

1)...ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.

2)Ер жігіттің ...сөйлегені-өлгені.

3)Білекті ...жығады, білімді...жығады.

4)...рет өлшеп,...рет кес.

5)...саусақтан өнер тама-ды.

## II-топқа

1)...саусақ бірдей емес.

2)...теңгең болғанша, ...досың болсын.

3)...ала болса,ауыздағы кетер,...түгел болса,төбедегі келер.

4) )...атасын білген ер, ...жұрттың қамын жер.

5)Ерінген ... істейді.

# Қызықты сөздер



- Құрамында сан есімі бар сөздерді тауып жазыңыз.

# Сабақты бекіту

“Сан есім”
туралы ертегі




# Үйге тапсырма:

- Сан есімге байланысты ребус құрастыру.
- 88-бет сұрақтарға жауап беру.



# Бүгінгі сабақ ұнады ма?

# Несімен ұнады?

# Сабақтың осылай өткенін қалар ма едің?








# Бағалау







Егер есіңе сақтау үшін үйренсең, ұмытасың.
Ал егер түсіну үшін оқысаң, есіңе сақтайсың!